

2014 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 84 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 сәуірде № 3497 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 101 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 26.03.2015 № 101 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша аудан аумағында 2014 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес б е л г і л е н с і н .

2. "Теректі ауданының кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. С. Б р а л и е в к е жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Ж. Сериккалиев		
2014 жылғы	26 наурыздағы	№ 84	
Теректі	ауданы	әкімдігінің	
қаулысына қосымша			

**Өсімдік шаруашылығындағы
міндетті сақтандыруға жататын
өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері
бойынша аудан аумағында 2014 жылға егіс**

жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері	Оңтайлы мерзімдері	
		басталуы	аяқталуы
1	Арпа, сұлы	25 сәуір	5 мамыр
2	Жаздық бидай	15 мамыр	25 мамыр
3	Тары	20 мамыр	25 мамыр
4	Ноқат	5 мамыр	10 мамыр
5	Күнбағыс	5 мамыр	10 мамыр
6	Күздік қара бидай	5 тамыз	20 тамыз
7	Күздік бидай	15 тамыз	10 қыркүйек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК